

Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № 414 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда № 6049 болып тіркелді

«Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру–сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Д.Е. Найденовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Исмағұлов

Әкімдіктің

2015 жылғы 10 қарашадағы

№ 414 қаулысымен бекітілген

Дене шынықтыру–сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі

| № | Азаматтар санаты | Жеңілдіктер мөлшері |
|---|--|---------------------|
| 1 | 7 жасқа дейінгі балалар | Тегін |
| 2 | Көп балалы отбасыларынан оқушы–балалар | Тегін |
| 3 | Балалар үйлерінен оқушы-балалар | Тегін |
| 4 | Спорт ардагерлері | Тегін |
| 5 | Оқушылар | Тегін |
| 6 | Студенттер | Тегін |
| 7 | Зейнеткерлер | Тегін |

Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру–сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.